

Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 15 қыркүйек 1992 ж. N 756. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қытай Халық Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігі құрылуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны жылдық еңбекақы қоры 189327 АҚШ доллары мөлшерінде болатын 24,75 адам шамасында бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісіне айына 1039 доллар мөлшерінде лауазымдық жалақы тағайындалсын.

Қазақстан Республикасы Елшілігі қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісінің жалақысына қарайластырып, штат кестесіне сәйкесте тағайындалсын.

3. Қытай Халық Республикасымен арадағы қатынастардың айрықша маңызы, жұмыстың күрделілігі мен көлемінің үлкендігі ескеріліп, Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің лауазымдық жалақысына шетел валютасымен жалақысының 20 проценті мөлшерінде үстеме белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігінің қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуге жалақы қорының 0,5 проценті мөлшерінде шетел валютасымен қаржы бөлінетін болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігінің 1992 жылғы шығыс сметасы 248048 АҚШ доллары және 10464148 сом мөлшерінде бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігінің қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне АҚШ долларымен (Республикалық валюта қорынан) және соммен (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен) қажетті қаржы бөлінсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК